

## Алматы қаласында экономикалық және әлеуметтік реформалар қорының өкілдігін ашу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1992 жылғы 28 сәуірдегі N 386

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Экономикалық және әлеуметтік реформалар қорының ("Реформа" Қоры) Қазақстан Республикасында түбегейлі реформаларды жүргізу жөніндегі шараларды әзірлеу мен жүзеге асыруда өтемсіз негізде көмек көрсетуге дайын екендігі туралы инициативасы мақұлдансын.

2. Нарыққа көшу кезеңіндегі экономикалық және әлеуметтік саясат, сыртқы экономикалық қызмет, заң және нормативті актілерді, сондай-ақ экономикалық реформаны жүзеге асыруға байланысты бағдарламалардың жобасын сараптау мәселелері бойынша "Реформа" Қорымен ынтымақтастық жасау орынды болады әрі қажет деп саналсын.

3. Алматы қалалық әкімшілігі "Реформа" Қорымен бірлесе отырып, Алматы қаласында Қордың бөлімшесін немесе өкілдігін ашу мәселесін қарастырып, шешетін болсын және оны орналастыруға көмек көрсетсін.

4. Министрліктер, ведомстволар және жергілікті әкімшіліктер қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың "Реформа" Қоры мен өзара қарым-қатынасының нысандарын анықтайтын болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі